

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Целью данного раздела является выявление изменений в европейском интеграционном налоговом праве или налоговом праве Евросоюза, с момента, когда положения Лиссабонского договора вступили в силу. Основной новостью станет факт приобретения Европейским союзом статуса юридического лица и совершенное исчезновение термина "Европейское сообщество" из Договора о Европейском союзе и Договора, учреждающего Европейское Сообщество, крайний из которых будет называться Договором о функционировании Евросоюза. Лиссабонский договор вполне сберег систему актов вторичного права ЕС, к которым относятся регламенты, директивы, рекомендации и решения, совместно с этим он наиболее подробно регламентировал функцию их принятия институтами Евросоюза, а также детализировал функцию их внедрения в государствах-членах.

Список использованных источников

1. Налоговое право ЕС: актуальные проблемы функционирования единой системы / А.С. Захаров. - М. :Волтерс Клувер, 2010. - 672 с.
2. Нотин С.А. Судебная практика в системе источников налогового права (на примере РФ и ЕС): дис. ... канд. юрид. наук. М., 2003.
3. Европейский Союз: факты и комментарии /URL: http://www.edc-aes.ru/ru/union/archive/vipusk_15 (дата обращения - 19.03.2016 г).

УДК 343,2/7

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАРСЫ ЖАСАЛАТЫН ЖЫНЫСТЫҚ ҚЫЛЫМАСТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Меліс Перизат Қайыржанқызы

m_perizat@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті, Құқықтану мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент М.Б.Мұратханова

Адамзат өркениетінде, жеті басты айдаһар іспетті қылмыс атауы қоғамда күннен күнге түп тамыры жайылып келеді. Соның ішінде биоәлеуметтік қалыптасуы мен есею механизмін және қоғамның әлеуметтік-демографиялық ерекше тобын құрайтын - белдері бесіктен шықпаған, кәмелеттік жасқа толмағандарға қарсы жыныстық қылмыстар ерекше орын алуда. Заңда педофил ұғымы берілмеген. Бірақ зорлау, нәпсіқұмарлық сипатындағы күш қолдану, он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынаста болу және нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттер, жас балаларды азғындық жолға түсіру сынды қылмыстық іс-әрекеттер жылдан жылға статистикалық тұрғыдан болсын көбею үстінде.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» №4 нормативтік қаулысында атап көрсетілгендей жыныстық қылмыстардың қоғамға қауіптілігі өте зор және ол кең өріс алған қылмыстардың бірі. Оның қоғамға қауіптілігі сол мұндай қылмыстарды істеу азаматтардың заң қорғайтын жыныстық бостандығына қол сұғылмаушылыққа қасақана қол сұғу арқылы, оларға моральдық, рухани, адамгершілік тұрғысынан зиян келтіре отырып, жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зор қатер туғызады[1].

Осылайша, адамның белгілі бір адамгершілік және зияткерлік сапаға ие болу фактісін сезінуі жеке бастың қадір-қасиеті деп ұғынылады. Ал кез келген адамның қадір-қасиеті, абыройы оның әлеуметтік жағдайына, жеке басының қоғамдық мәніне, жасына, жынысына, сеніміне қарамастан қорғалуы тиіс.

Адам құқығының жалпы декларациясының 1-бабында барлық адам дүниеге еркін және өз қадір-қасиетімен тең келеді деп жарияланған[2]. Жеке бастың қадір-қасиеті, ар-намысы және абыройы мемлекет қорғайтын негізгі, басты объект болып табылады.

ҚР Жоғарғы Сотының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы «Сот тәжірбиесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы» №6 Нормативтік қаулысында абырой деген – өз рухани байлығын, рухани санасын, қоғамдағы маңыздылығын, орнын адамның өзінің іштей бағалауы деп көрсетілген[3].

Бәрінен де жан түршіктіреті осындай азғындық іс-әрекеттердің көпшілігі кішкентай бүлдіршіндерге, жас балаларға, мектеп оқушыларына, яғни кәмелет жасқа толмағандарға бағытталуында.

Қазақстанда кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық сипаттағы қылмыстардың үлесі барлық жыныстық қылмыстардың төрттен біріне тең. Оның ішінде бала зорлау фактілері сегіз пайызды құрайды.

Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, бір ғана Алматы қаласындағы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2013 жылы кәмелеттік жасқа толмаған балалармен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы әрекеттер жасаған – 6, 2014 жылы – 9, 2015 жылдың тоғыз айы ішінде 11 тұлғаға қатысты қылмыстық іс қаралған. Жазаға тартылған педофилдердің жас мөлшерлері де әртүрлі. Олардың 6-уы жиырма жаста, 8-і отыз жасқа дейінгілер, 8-і қырық, ал, 4-еуі қырықтан асқандар. Азғындардың құрбанына айналған балалардың да жасы әртүрлі. Педофилдердің қиянатын көргендердің 21-і қыз бала болса, 5-еуі ұлдар [4].

Қазақстан прокуратурасының мәліметтеріне сай, 2010 жылы 1885 педофилдер қылмысы тіркеліп, 2014 жылы бұл көрсеткіш 3623-ке дейін көтерілген. Ағымдағы жылдың басынан бері балаларға қарсы қылмыс жасау фактісі 5 есе өсіп отырғандығын байқаймыз[5]. Осы мәліметтерден педофилдер қылмысы жылдан-жылға көбейіп отырғанын көруге болады. Бұл бүгінде қоғамды алаңдататын жағдай. Осы мәселені теледидар мен баспасөздерде жиі көтеріп, қоғамдық талқыға салып, мәселенің түп-тамырына көңіл аудару қажет.

Педофилия ұғымына тоқталатын болсақ, грек тілінен аударғанда «педо» – бала, «филия» - махаббат деген ұғымды білдіретін, яғни бұл психикалық бұзылу, көптеген жыныстық ауытқулардың бірі болып табылады. Бұл сөз ағылшын елінде – инфантосексуализм, Францияда – педерозия, ал Герман елдерінде – педосексуал деп те қолданылады.

Бұл халықаралық аурулар классификациясының ХАК-10 бойынша V классқа жатқызылады. Әдеттегіде ерте пубертатты немесе пубертат алды периодындағы балаларды (ұл балаларды немесе қыз балаларды, немесе екі топты да) жыныстық тұрғыда ұнату. Психиатрия мен психологияда әдеттегіде пубертат алды немесе ерте пубертат жасындағы балаларды әрдайым немесе басымды ұнататын бұл тарихи-мәдени жағдайлар сипатталатын жыныстық нормадан ауытқу деп қарастырылады (парафилия, сексуалды девиация). Жалпылай алғанда «педофилия» деген сөз балаларға болатын жыныстық құштарлықты білдіреді және кәмелеттік жасына жетпеген кез келген адамға жыныстық құштарлықты айту үшін қолданылады.

Еліміздің бір өзінде педофилдің құрбанына айналып отырған қыздарымыздың саны жеткілікті. Тіпті, ағасының қарындасына, әкесінің туған қызына, өгей әке не туыстары, таныстары, ер адамдар тараптарынан жыныстық сипатта зорлық жасауға әрекет етумен аяқталатын педофилия көріністері белең алуда. Бұл бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі болып тұр. Бұрындары тек шетелдерде ғана бой көрсетіп, үрей ұшыратын жағдай сияқты көрініп келген бұл құбылыс соңғы жылдары Қазақстанда да көптеп сипат ала бастады. Қазақстан Жоғарғы Сотының дерегі бойынша, жас балаларды шабуылдау оқиғалары соңғы кездері, әсіресе, Алматы, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында көбірек кездесіп отыр.

Айталық, санасын арақ тұмандатқан Ақтөбе облысының тұрғыны, анасының науқастығын, қарындасының қорғансыздығын пайдаланып, үш жыл бойы қарындасын

жыныстық қатынас жасауға мәжбүрлеп келген. 28 жастағы жанұялы педофилдің қылмыстық әрекеттері сотта, сот-дәрігерлік сараптамасында толықтай дәлелденіп, сот үкімімен 17 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. Тіпті, осы жақын уақытта, яғни 2016 жылдың қаңтар айында Жамбыл облысында 7 жасар баланы зорлап, сонынан өлтіріп кеткені туралы ақпараттар тараған болатын[6]. Туған әкесінен мейірім көрмей, тән азабы мен жан азабын тартқан жарымжан балалардың да осындай әртүрлі жағдайларын мысалға алсақ саны шексіз.

Қоғамдағы осындай қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарай отырып, педофилия қандай құбылыс, педофилдік әрекеттер қайдан, қалай туындайды және оның ерекшеліктері неде? Педофилия ауру ма, әлде азғындық па? Жасөспірімдерді, кәмелеттік жасқа толмағандарды және жеткіншіктерімізді жыныстық қылмыстардан қалай қорғауға болады деген сан-алуан сұрақтар туындайды.

Қоғамда педофил және маньяк деген ұғымдарды жиі кездестіріп жатамыз. Олар өздерінің ұқсастықтарымен қоса, айырмашылықтарымен де ерекшелінетін екі бөлек дүние.

Педофил – ақыл-ойының кемістігі жоқ, есі-дұрыс, бірақ эмоциялық ішкі-сезім деңгейі төмен, жыныстық қатынаста кәмелеттік жасқа толмаған жастардан ғана ләззат алатын адам.

- Психолог маманы айналысады.

Маньяк – манияға беріліп кеткен, қоғамдағы ересек адамдарға көбіне күші жетпеу жағдайларын ескере отырып, жасөспірімдерге шабуыл жасай отырып іс-әрекет жасайтын адам.

- Көбіне психиатрға жүгінеді.

Емдеуді қажет ететін
психикалық ауру.

Педофилизмге баруға не итермелейді деген сауалға медициналық тұрғыдан қарастыратын болсақ, балалар дәрігерінің айтуынша, балалардың ерекшеліктері өте белсенділігінде, инфантильділігінде екен. Бұл жердегі инфантилизм «балалық» деген сөз. Яғни дамудың кері кетуі деген мағынаны білдіреді. Инфантилизмді екі жағынан қарастырған дұрыс: бірінші, физиологиялық инфантилизм. Бұл адам ағзасының табиғи даму үрдісінен айнып, дамуының тежелуі. Екінші, психологиялық инфантилизм. Бұл адамның ішкі жан дүниесінің күннен-күнге дамып, түсінігі артып, даналыққа қарай жақындауының орнына, күннен-күнге кері кетіп, адамның рухани тығырыққа тіреліп, жанын түрлі-түрлі қайшылықтар торлап алып, бір түсініксіз халге бой ұрып, өмірінің мәнін жоғалтып алуы. Міне, осы инфантильділік салдарынан да бала физикалық, жыныстық тұрғыда толық дамымайды. Бұл өз кезегінде педофилияға алып келеді. Осы орайда педофилияда қылмыс жасаушылар кімдер деген сұрақ туады. Бұл туралы америкалықтар өте көп зерттеу жасаған. Сондағы олардың анықтағаны – педофилдердің 93 пайызы бала кездерінде сексуалды жағдайдың құрбаны болған, дәмін татқан жандар екен. Педофилияны ауытқу деп қарасақ, оған белгілі себептер әсер ететіні анықталады. Психологтардың айтуынша, ата-ананың көңіл бөлінуінсіз қалған балалар өзінен-өзі тұйықталады. Яғни ананың, әкенің, бауырдың өзіне көңіл бөлінуіне қанағаттанбаған бала осындай педофилиялық әрекеттерге баруы мүмкін. Бұл қанағаттанбаушылық баланың бойында ерте ме, кеш пе бір психикалық бұзылу ретінде көрініс береді. Ал бұндай бұзылулардың жазылып кетуі екіталай жағдай.

«Еуразиялық құқық қорғау орталығы» үкіметтік емес ұйымының өкілі Ермек Абдрасулов Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте балаларға қарсы жыныстық сипаттағы қылмыстар үшін мәжбүрлі химиялық кастрация мәселесін жан-жақты

қарастыру қажет деген мәселені қозғаған болатын. «Бұл ретте халықаралық тәжірибелерді зерделеп, қылмысқа қатысты оның қайталануын, ауқымын ескеру керек. Егер қылмыскер осындай қылмысты бұған дейін де жасап, сол бойынша жазасын өтеп, сосын оны қайтадан қайталаса, онда әрине, жазаның сондай түрін қабылдау қажет болатыны анық», - деген еді[7].

Парламент сенатының депутаты Бектас Бекназаровта жазалардың бір түрі ретінде кейбір мемлекеттерде қолданылатын медициналық және химиялық жолмен кастрация әдісін енгізу қажет деп есептейді. «Қылмыстың осы түріне қарсы қатаң және түбегейлі шаралар қабылдау қажет. Бірінші, осы қылмыстың жолын кесетін басты кедергі жыныстық зорлыққа қолданылатын жаза бойынша заң талабының күшеюі. Оған кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық әрекеттер де жатады. Қылмыстық кодекстің бұл бөлімдерін қайта қарап, кінәлілерге қолданылатын жазаны едәуір ауырлату қажет. Осыған байланысты үкімет заң нормаларына өзгерістер енгізіп, парламенттің қарауына ұсынуы тиіс», - деген Бекназаров палатаның жалпы отырысында. Сенатор педофилдерге қатысты жауаптылықты күшейтіп, тараптардың жарасуына байланысты қылмыстық істі тоқтату институтын қайта қарауды ұсынған болатын[8].

Кейбір шетелдерде мұндай қылмыстарға еш аяушылық жоқ, педофил аталғандар заңмен қатаң жазаланады, нәтижесінде балалар құқығы да өз деңгейінде.

Кәмелетке толмаған балаларды зорлағандарды жазалаудың «стерильдеу» немесе «химиялық кастрация» сияқты түрлері Еуропаның көптеген елінде және Американың кейбір штаттарында қолданылады. АҚШ-та 1990 жылдан бері мәжбүрлі түрде аталықсыздандыру туралы заң бар. Польша мен Чехияда мұндай қылмыскерлер түрмеде жазасын өтегеннен кейін міндетті түрде кастрациялық жолменде тартылатын. Германияда, Францияда, Арменияда қылмыскерлер медициналық жолмен бекітілген емдеу әдістерінің бірін тандап алуға міндетті. Халықаралық құқықтық ұйымдардың мәліметтеріне сәйкес, жоғарыда аталған химиялық кастрация шарасы қолданылатын Еуропа елдерінде және АҚШ-тың кейбір штаттарында мұндай қылмыстардың саны 50%-ға қысқарған. Оңтүстік Кореяда мұндай қылмыс жасағандарды мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынған. Ал 13 жасқа дейінгі баланы зорлап, өлтірген қылмыскерлер бұл елде өлім жазасына кесіледі. Иран елінде кәмелетке толмағандарды зорлағаны үшін ел алдына шығарып дарға асады екен. Ал, Қытайда мұндай қылмыс жасаған адамға өлім жазасын кеседі[9].

Бүгінде осы келтірілген кәмелет жасқа толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар жөніндегі статистикалық мәліметтерді саралай келе, бүгінгі қоғамдағы жағдайлады ескере отырып, қылмысқа жаза деп жүре бермей, ең бірінші, ата-ананың психологиялық сауаттылығын артыруымыз қажет. Жыныстық қатынастың құрбаны болған жасөспірім, қорқыныш сезімі арқылы көп жағдайда осындай іс-әрекеттерді жасырады, тіс жармайды. Себебі 5-6 жастағы баланың өзі жыныстық қатынастың не екенін біледі және өзіне жасалған әрекетті «ұят, масқара» деп есептеп, одан бетер тұйықтала береді. Себебі ата-анасымен ашық сөйлесе алмайтын, дәстүрлі отбасы деп өмір сүретін отбасымызда мұндай жағдайлар ерсі болып есептелінеді. Осы психологиялық сауаттылықтың жетіспеушілігінің нәтижесінде қоғамдағы теріс іс-әрекеттер орын алуда деп ойлаймын. Балаларды жастайынан бастап психологиялық, моральдық тұрғыдан дайындай отырып, қоғамдағы әр алуан осындай жағдайдың орын алуы мүмкіндігін түсіндіруіміз керек. Бала қауіпсіздігін, жан саулығын басты назарға қоюымыз қажет.

Осы жағдайларға қарай отырып, ізгілік қағидасын негізге қоятын еліміз қоғам болып сәбилерімізді айуанның мазағы мен қорлығынан арашалай алмай отырмыз. Педофилдер әрекеті еліміздің әр бұрышында жиілеп кетсе де, оларға қатысты заңды қатаңдатып жатқанымыз шамалы. Тіпті педофилдердің басым бөлігі ұстатпай кетіп жатса, ұсталғандарына қолданар жаза қорланған сәбидің ар-ұятымен салыстырғанда тым жеңіл. Жеке

субъективтік пікірімді білдіретін болсам, АҚШ, Ұлыбританиядағы сияқты «химиялық кастрация» жазаларын жеке басым дұрыс деп есептеймін және де қолдаймын.. Болашақта осы мәселеге көңіл аударылып, қылмыстың алдын-алу жұмыстары жан-жақты жүргізілсе. Бүгінде бұл мәселе қоғамның ең көкейтесті мәселесі болып қала бермек.

Пайдаланылған сілтемелер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» №4 нормативтік қаулысы, 11-мамыр, 2007 // adilet.zan.kz
2. Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» 10-желтоқсан, 1948// adilet.zan.kz
3. ҚР Жоғарғы Сотының «Сот тәжірбиесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың арнамысы мен абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы» №6 Нормативтік қаулысы, 18-желтоқсан, 1992// adilet.zan.kz
4. Сұхбаттама, «Педофилия ауру ма, әлде азғындық па?», журналист: Елеусіз Мұрат, //«Заң газеті», 11 – желтоқсан, 2015/
5. Мақала, «Педофилдер жазасыз қалмайды», журналист: Әйгерім Асқарқызы, //«Полиция KZ» журналы, 8 –қазан, 2015 /
6. «Атырауда қарындасын зорлаған педофил 17 жылға сотталды», //kazinform, 27 – шілде, 2015/
7. «Педофилдік қылмыс қайталанса, химиялық кастрация жазасын қолдануға болады», //kazinform, 4 – тамыз, 2015/
8. «Педофилдерді піштіру керек», //Abai.kz, 25 – маусым, 2015/
9. Мақала, «Педофилдер жазасыз қалмайды», журналист: Әйгерім Асқарқызы, //«Полиция KZ» журналы, 8 –қазан, 2015 /

УДК 341.1

ПРИСОЕДИНЕНИЕ ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА К ЕВРОПЕЙСКОЙ КОНВЕНЦИИ О ЗАЩИТЕ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА И ОСНОВНЫХ СВОБОД

Мирашева Арайлым Кайратовна

mirasheva14@bk.ru

Студентка юридического факультета специальности «Международное право»
Евразийского Национального университета им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан
Научный руководитель – старший преподаватель кафедры международного права, PhD
Куликпаева М.Ж.

Система защиты прав человека играет важную роль в становлении и развитии Европейского Союза в целом, так как целью каждого государства является, прежде всего, защита прав человека. В данной статье мы рассмотрим положительные и отрицательные стороны о присоединении Европейского Союза к Европейской конвенции о защите прав человека и основных свобод, а также проанализируем отрицательное заключение Суда Европейского Союза о присоединении Европейского Союза к Европейской конвенции о защите прав человека и основных свобод.

В 1970-х годах Комиссией Европейского Союза (на тот момент Европейскому сообществу) было выдвинуто предложение о присоединении к Европейской конвенции о защите прав человека и основных свобод, после того как Франция признала обязательную юрисдикцию Европейского Суда о защите прав человека и основных свобод. Затем для анализа о возможном присоединении была создана специальная группа, которая в ходе исследования обнаружила ряд проблем. Основными проблемами были: компетенция Европейского Союза в отношении присоединения к Конвенции, исключительная